



Eurasian Centre for Accreditation and Quality Assurance in Higher Education and Health Care

**2025 жылдағы «БІЛІМ БЕРУДІ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ
САПАМЕН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ
АККРЕДИТТЕУДІҢ ЕУАЗИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
Коммерциялық емес мекемесінің
ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ**



2025 жылдағы «Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыздандыру және Аккредиттеудің Еуразиялық Орталығы» (АЕО) Коммерциялық емес мекемесінің қызметі туралы есебі

Коммерциялық емес мекеме. 2017 жылғы 3 ақпанда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 15629-1910-02-МЕ, БСН 170240005010.

2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 319-III «Білім туралы» Заңына (09.09.2025 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып); 2018 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 171-VI ҚРЗ «Жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына; 2016 жылғы 1 қарашадағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 629 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы аккредиттеу органына қойылатын талаптарды және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (09.09.2025 ж. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен бекітілген редакциясында) сәйкес Аккредиттеу Еуразиялық Орталығының (АЕО) қызметі жүзеге асырылады.

№	Бағыт	Сипаттама
1.	Мүшелік (атауы, мерзімдері). Бейіні бойынша халықаралық қауымдастықтарға мүшелік (атауы, мерзімдері)	<p>АЕО: Еуропалық жоғары білім сапасын қамтамасыз ету қауымдастығы (2022 жылдан бастап ENQA Президентінің ENQA кеңесінің шешімі туралы хаты https://www.enqa.eu/wp-content/uploads/Board-letter-membership-approved_ECAQA.pdf, https://www.enqa.eu/membership-database/ecaqa-eurasian-centre-for-accreditation-and-quality-assurance-in-higher-education-and-health-care/), жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің халықаралық желісі (2018 жылдан бастап INQAANE), сапа бойынша Азия-Тынық мұхиты желісі (2017 жылдан бастап APQN), Жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің орталық және Шығыс Еуропалық желісі (2017 жылдан бастап CEENQA) және АҚШ - тың жоғары білім беруді аккредиттеу бойынша кеңесінің халықаралық сапа тобының мүшесі (Council For Higher Education Accreditation International Quality Group International Directory-Chea ciqq 2018 жылдан бастап) ЭЫДҰ-ға мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдары қауымдастығының толық мүшесі болып табылады.</p> <p>2018 жылдан бастап АЕО Базалық медициналық білім беруді аккредиттеу органдарын тану бағдарламасы шеңберінде Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының (ДМБФ) серіктесі – АҚШ-тың Медициналық білім беру саласындағы халықаралық зерттеулер қорының (FAIMER) DORA медициналық мектептерді аккредиттейтін ұйымдар Директориясына (Directory of Organizations that Recognize/Accredit</p>

	<p>Medical Schools) енгізілген және 2023–2024 жылдары осы мүшелікті қолдап келеді (https://www.faimer.org/resources/dora/kazakhstan.html).</p> <p>2019 жылдан бастап АЕО Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша Азия–Тынық мұхиты тізіліміне (APQR) енгізілді. https://www.apqr.co/register/view-as-a-list/eurasian-centre-for-accreditation-and-quality-assurance-in-higher-education-and-health-care-ecaqa</p> <p>2022 жылғы 10 қазанда АЕО Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының (ДМБФ) тану мәртебесін алды, бұл мәртебе 2032 жылғы 31 қазанға дейін қолданыста болады және Қазақстан Республикасын, Өзбекстан Республикасын және Тәжікстан Республикасын қамтиды. ДМБФ-ның тану бағдарламасының критерийлеріне сәйкестігі шеңберінде білім беру бағдарламаларын аккредиттеу кезінде АЕО-ның аккредиттеу үдерісі, аккредиттеуден кейінгі мониторингі және шешім қабылдау рәсімдері, сондай-ақ медициналық білім беруді аккредиттеу стандарттары аккредиттеу саласындағы тиісті озық тәжірибеге сәйкес келетіні расталды. Бұл 2024 жылдан бастап клиникалық мамандықтар бойынша резидентураның жоғары оқу орнынан кейінгі даярлау бағдарламаларына АҚШ-та оқуға түсу үшін Шетелдік медициналық мектептер түлектері бойынша комиссияның (ECFMG) талаптарын орындауға мүмкіндік береді. https://wfme.org/news/two-more-agencies-awarded-wfme-recognition-status-4/, http://www.ecaqa.org/doxs/WFME%20Recognition%20Certificate_ECAQA_10.10.22%20until%2031.10.2032.pdf</p> <p>Халықаралық сарапшылардың сапары мен АЕО-ның белгіленген талаптарға сәйкестігіне жүргізілген сыртқы бағалау нәтижелері бойынша,</p> <p>2023 жылғы 11 қазандағы тіркеу комитетінің шешімімен Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы (АЕО) Жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз етудің Еуропалық тізіліміне – The European Quality Assurance Register for Higher Education (EQAR) енгізілді. Тіркеу мерзімі 23.06.2023 жылдан 30.06.2027 жылға дейін. АЕО туралы ақпарат EQAR-дың ресми веб-сайтында орналастырылған. https://www.eqar.eu/register/agencies/agency/?id=76</p> <p>АЕО 18 халықаралық аккредиттеу агенттіктерімен, қауымдастықтарымен және білім беру ұйымдарымен меморандумдарға қол қойып, оларды іске асырып келеді (http://www.ecaqa.org/partnery), оның ішінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) 2017 жылдан бастап Жоғары білімді аккредиттеу кеңесі / Білім беру сапасы бойынша халықаралық топпен (CHEA/CIQG), АҚШ. https://www.chea.org/chea-ciQG-memorandum-of-affiliation; 2) 06.03.2018 ж. бастап Ұлттық бағалау және аккредиттеу кеңесімен (NAAC), Үндістан Республикасы. http://www.naac.gov.in/about-us/collaborations; 3) 15.05.2018 ж. бастап JAMK қолданбалы ғылымдар университетімен, Финляндия;
--	--

	<p>4) 10.03.2019 ж. Кәсіптік білім беру ұлттық орталығының Сапаны қамтамасыз ету қорымен (ANQA), Армения Республикасы, http://www.anqa.am/en/search/?term=ECAQA, http://www.anqa.am/en/news-events/news/armenia-and-kazakhstan-will-cooperate-in-the-field-of-medical-education-quality-assurance/;</p> <p>5) 09.04.2019 ж. бастап Ұлттық кәсіби-қоғамдық аккредиттеу орталығымен (NCPA), Ресей Федерациясы. https://ncpa.ru/index.php?option=com_content&view=article&id=118&Itemid=382&lang=ru;</p> <p>6) 11.06.2019 ж. бастап «Русский Регистр» сертификаттау қауымдастығымен, Ресей Федерациясы. https://rusregister.ru/news/russian-register-and-eurasian-accreditation-center-signed-memorandum-of-cooperation/;</p> <p>7) 02.10.2019 ж. бастап Еуропалық медициналық мектептер қауымдастығымен (AMSE) Германия. http://www.amse-med.eu/2019/10/17/ecaqa-and-amse-sign-a-memorandum-of-understanding-mou/;</p> <p>8) 16.10.2019 ж. бастап Білім беру сапасын қамтамасыз етудің Еуропалық агенттігімен (European Quality Assurance Agency – EQAA), Германия, https://eqaa.eu/ru/about/agency/;</p> <p>9) 02.11.2019 ж. бастап Білім беру бағдарламалары мен ұйымдарын аккредиттеу агенттігімен (ААОПО), Қырғыз Республикасы, http://www.aaopo.kg/index.php?option;</p> <p>10) 15.11.2019 ж. бастап Ұлттық аккредиттеу орталығымен (Hungarian Accreditation Committee – HAC), Венгрия, https://www.mab.hu/en;</p> <p>11) 17.03.2020 ж. бастап Білім беру және ғылыми зерттеулердегі сапаны қамтамасыз ету бойынша ұлттық агенттігімен (ANACEC), Молдова Республикасы, https://www.anacec.md/;</p> <p>12) Медициналық қоғамдардың сапа жөніндегі қауымдастығымен (АСМОК), Ресей Федерациясы, 17.11.2020 ж. https://asmok.ru/;</p> <p>13) AppliedHE Pte LtdSingapore, 30.11.2020 ж. https://appliedhe.com/;</p> <p>14) 24.12.2020 ж. Украина Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы «Медицина» және «Фармация» даярлау бағыттары бойынша жоғары білімді мамандардың кәсіби құзыреттілігін тестілеу орталығы» мемлекеттік ұйымымен;</p> <p>15) Желтоқсан 2021 жыл Сапаны қамтамасыз ету саласындағы стратегиялық жоспарлау және институционалдық зерттеулер бойынша халықаралық ұйыммен (QASPIR), https://qaspir.com/;</p> <p>16) Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Білім беру сапасын бақылау бойынша мемлекеттік инспекциямен және Өзбекстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен ынтымақтастық туралы келісім (№ 01-187, 05.04.2020 ж.);</p> <p>17) 29.05.2023 ж. Бағалау және аккредиттеу ұлттық агенттігімен ынтымақтастық туралы меморандум, Болгария Республикасы;</p> <p>18) Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы мен Тәжікстан Республикасы Президенті жанындағы Білім және ғылым саласындағы қадағалау агенттігі, Тәжікстан Республикасы Денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум. Наурыз, 2024 жыл.</p>
--	--

2.	<p>3 тілдегі ақпараттық жүйе. Шетелдік аккредиттеу органдары үшін Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын аккредиттеу туралы ақпарат ұсынылатын сайттағы ағылшын тіліндегі парақшаның болуы жеткілікті.</p>	<p>Веб-сайт: http://www.ecaqa.org/ – үш тілде. АЕО төмендегі әлеуметтік желілерде ұсынылған: https://www.facebook.com/ECAQA/ https://www.instagram.com/ecaqa_org/ https://twitter.com/ecaqa_org</p> <p>«Тізілім» бөлімі автоматтандырылған, онда үш тілде аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламалары бойынша ақпарат (АЕО сыртқы сараптау комиссияларының есептері, Аккредиттеу кеңесінің шешімдері, аккредиттеу туралы куәліктер) ұсынылған: https://www.ecaqa.org/reestr, https://www.ecaqa.org/en/reestr-en</p> <p>АЕО Аккредиттеу кеңесінің шешімдері туралы ақпарат ЖББП сайтында орналастырылады: https://epvo.kz/#/. Ақпаратты орналастыруға жауапты тұлға – Умарова М.А., АЕО аккредиттеу және мониторинг бөлімінің басшысы.</p> <p>АЕО Аккредиттеу кеңесінің шешімдері туралы ақпарат, сондай-ақ сыртқы сараптау комиссиялары есептерінің ағылшын тіліндегі толық нұсқалары EQAR-DEQAR халықаралық тізілімінде орналастырылады: https://www.eqar.eu/register/agencies/agency/?id=76. Орналастыруға жауапты – Амандыков А.Б., халықаралық ынтымақтастық және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы.</p> <p>АЕО Аккредиттеу кеңесінің шешімдері туралы ақпарат, сондай-ақ сыртқы сараптау комиссиялары есептерінің ағылшын тіліндегі толық нұсқалары APQR-DAQAR халықаралық тізілімінде орналастырылады: https://daqar.org/educationSearch?term=ECAQA. Орналастыруға жауапты – Амандыков А.Б., халықаралық ынтымақтастық және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы.</p>
3.	<p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын аккредиттеу стандарттары және олардың сайтқа орналастырылуы</p>	<p>АЕО білім беру деңгейлерінің әрқайсысына және білім беру бағдарламаларына, оның ішінде бірлескен бағдарламаларға (Joint Degree Programme), қашықтан оқыту және MBA бағдарламаларына арналған Аккредиттеу стандарттарын қолданады. Бұл стандарттар медициналық білім беру сапасын арттыру бойынша Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының (ДМБФ/WFME) халықаралық стандарттары негізінде әзірленген (2015 ж., 2020 ж. – бакалавриат үшін, 2023 ж. – резидентура бағдарламалары үшін), сондай-ақ Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтарымен (ESG, 2015 ж.) үйлестірілген ДМБФ-ның медицина және денсаулық сақтау саласындағы магистратура бағдарламалары стандарттарына негізделген.</p> <p>Докторантура бағдарламаларын аккредиттеу стандарттары Еуропалық кеңістіктегі PhD білім беру бойынша ORPHEUS–AMSE–WFME стандарттары (2016 ж.) негізінде әзірленген, ал Еуропалық медициналық мектептер қауымдастығымен (AMSE) ынтымақтастық туралы меморандум АЕО-ға Еуропа</p>

		<p>университеттерінің медициналық мектептері мен кәсіби қауымдастықтарының өкілдері қатысатын сыртқы бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Оқу-симуляциялық орталықтарды аккредиттеу стандарттары Даниядағы Қолданбалы медицинадағы симуляциялар бойынша Еуропалық қоғамның (Society in Europe for Simulation Applied to Medicine/ SESAM) талаптары негізінде әзірленген және сапаны қамтамасыз етуге, симуляциялық технологиялар саласындағы үздік халықаралық тәжірибе мен жетістіктерді енгізуге, сондай-ақ симуляцияға негізделген білім беру саласындағы кәсіби қауымдастықтың дамуына жәрдемдесу мақсатында енгізілген.</p> <p>Қосымша және бейресми білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттары 2016 жылғы дәрігерлерді даярлау сапасын қамтамасыз ету бойынша ДМБФ-ның халықаралық стандарттары негізінде әзірленген.</p> <p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттары Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары (ESG, 2015 ж.) негізінде әзірленген.</p> <p>АЕО аккредиттеу стандарттары сайтта келесі сілтемелер бойынша орналастырылған: https://www.ecaqa.org/akkreditatsiya/standarty-institutsionalnoj-akkreditatsii https://www.ecaqa.org/akkreditatsiya/standarty-spetsializirovannoj-akkreditatsii https://www.ecaqa.org/akkreditatsiya/standarty-akkreditatsii-uchebno-simulyatsionnykh-tsentrov</p>
4.	<p>Ұйымның даму стратегиясы, оның сайтта болуы.</p>	<p>2007 жылғы 27 маусымдағы № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес АЕО өз қызметін; білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету бойынша нұсқаулыққа (2022 жылғы 23 мамырдағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 292 бұйрығы); аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану талаптары мен қағидаларын бекіту туралы 2023 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің № 34 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады. 2023 жылғы 14 ақпанда Аталған бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 31902 болып тіркелген. https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300031902</p> <p>АЕО миссиясы: Ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің қажеттіліктерін ескере отырып және қоғамға елдегі денсаулық сақтау мамандарын даярлау сапасына кепілдік беру үшін барлық мүдделі тараптардың қатысуымен жоғары кәсіптік білім беру сапасын сырттай қамтамасыз етудің халықаралық стандарттары мен қағидаларын енгізуді қамтамасыз ету.</p> <p>Көзқарас: Халықаралық танумен және тұрақты дамумен денсаулық сақтаудағы кәсіптік білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша жетекші мамандандырылған агенттік.</p> <p>Миссия мен көзқарас АЕО сайтында жарияланған: http://www.ecaqa.org/o-nas/missiya</p>

Есептік кезеңде негізгі құжат АЕО-ның 2023–2025 жылдарға арналған даму стратегиялық жоспары болды (2022 жылғы 27.12. № 34 бұйрық).

АЕО-ның 2023–2025 жылдарға арналған даму стратегиялық жоспарының негізіне алынған негізгі құжаттар:

- 1) 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі, 4-бөлім, 25-тарау «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі», 220, 221-баптар, 6-тармақ. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000000360#z2939>.
- 2) 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 319-III «Білім туралы» Заңы (39-бап, 3-тармақ, 4) тармақша). https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_z330.
- 3) Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. 4-бағыт – кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінің тиімділігін арттыру. 2022 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 945 қаулысы.
- 4) Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. 2023 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 248 қаулысы.
- 5) WHO–WFME Guidelines for Accreditation of Basic Medical Education. Geneva/Copenhagen: WFME, 2005
- 6) Медициналық білім берудің сапасын қамтамасыз ету бойынша ДДҰ/ДМБФ стандарттары мен нұсқаулықтары. <https://wfme.org/standards/>
- 7) АҚШ-та резидентура бағдарламаларына түсу үшін медициналық ЖОО түлектеріне арналған Foreign Medical Graduates бойынша Білім беру комиссиясының (ECFMG) талаптары. <https://wfme.org/accreditation/ecfmg-2023/>, <https://www.ecfmg.org/accreditation>
- 8) Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары (ESG 2015, 1-бөлім) https://www.enqa.eu/wp-content/uploads/filebase/esg/ESG%20in%20Russian_by%20IQAA.pdf
- 9) Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық. 2022 жылғы 23 мамырдағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 292 бұйрығы.

АЕО-ның 2023–2025 жылдарға арналған даму стратегиялық жоспарын (2022 жылғы 27.12. № 34 бұйрық) әзірлеу барысында ENQA халықаралық сарапшыларының (2022 жылғы маусым, 2023 жылғы желтоқсан) және ДМБФ-ны тану тобының (2022 ж.) ұсынымдары (Сараптау кеңесінің 2022 жылғы 09.11. № 3 хаттамасы) ескерілді.

АЕО бас директорының 2025 жылғы 23.12. № 36 бұйрығымен АЕО-ның 2026–2028 жылдарға арналған даму стратегиялық жоспары бекітілді, оған EQAR халықаралық сарапшыларының ұсынымдары да енгізілді.

АЕО даму стратегиясының схемасы веб-сайтта орналастырылған: <https://www.ecaqa.org/o-nas/strategiya>

		<p>АЕО-ның стратегиялық жоспарлары веб-сайтта келесі сілтемелер бойынша жарияланған: Қаз: https://www.ecaqa.org/kz/biz-turaly/negizgi-kyzhattary/strategiyalyk-zhospar Орыс: https://www.ecaqa.org/o-nas/osnovnye-dokumenty/strategicheskij-plan Ағылш.: https://www.ecaqa.org/en/about-ecaqa/documentation/strategic-plan</p>
5.	<p>Аккредиттеу органының ұйымдық құрылымы және басқару жүйесі. Кадрлық әлеует (барлық штаттық қызметкерлерді көрсете отырып, ғылыми дәрежелері (болған жағдайда), біліктілікті арттыру туралы ақпаратты сертификаттарымен қоса беру және сайтта тиісті ақпараттың болуы).</p>	<p>АЕО-ның ұйымдық құрылымы 2022 жылы жаңартылып, қазіргі уақытқа дейін қолданыста http://www.ecaqa.org/o-nas/struktura және 4 бөлімді қамтиды (аккредиттеу және мониторинг; жоспарлау және әкімшілендіру; халықаралық ынтымақтастық; IT және қоғаммен байланыс). Жалпы басшылықты бас директор жүзеге асырады. Штатта ғылыми кеңесші лауазымы бар, ол медициналық білім беру ұйымдарының шақырылған (штаттан тыс) қызметкерлерінен тұратын сараптау кеңесімен, сондай-ақ халықаралық серіктестермен және жоғары кәсіби білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша желілермен/қауымдастықтармен тығыз ынтымақтастықта қызмет атқарады.</p> <p>АЕО бас директорының 2025 жылғы 23.12. № 36 бұйрығымен штаттық кесте бекітіліп, 7 штаттық бірлікті қамтитын, оның ішінде ғылыми және академиялық дәрежелері бар қызметкерлері бар ұйымдық құрылым қайта бекітілді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бас директор – Сарсенбаева С.С., MD, медицина ғылымдарының докторы, профессор, MBA. 2. Ғылыми кеңесші – Нурманбетова Ф.Н., медицина ғылымдарының докторы, ДМБФ ассессоры, ЕуроДДҰ кеңесшісі. https://wfme.org/about-wfme/people/dr-farida-nurmanbetova-assessor/ 3. Аккредиттеу және мониторинг бөлімінің басшысы – Умарова М.А., жоғары кәсіби білім. 4. Халықаралық ынтымақтастық және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы – Амандықов А.Б., MSc, PhD докторанты. 5. Жоспарлау және әкімшілендіру бөлімінің басшысы – Козыбаева А.И., MSc. 6. Аккредиттеу және мониторинг бөлімінің әдіскері – Ақатқызы Аружан, MSc. 7. Бухгалтер (0,5) – Зенченко Е.В., қаржы бакалавры. 8. Заңгер (0,5) – Толыбаев А.Б., жоғары кәсіби білім. <p>қаз: https://www.ecaqa.org/kz/biz-turaly/basshylygy-zhane-kyzmetkerleri орыс: https://www.ecaqa.org/o-nas/rukovodstvo-i-sotrudniki ағылш.: https://www.ecaqa.org/en/about-ecaqa/director-general-and-staff</p> <p>2025–2026 жылдарға арналған қызметкерлердің біліктілігін арттыру АЕО-ның даму стратегиялық жоспарына сәйкес жүргізіледі және гугл дискте келесі сілтеме бойынша орналастырылған: https://drive.google.com/file/d/1AIXAR7x794kdbOjgtu4qzg98P8xDxIFG/view?usp=sharing</p> <p>2025 жылы АЕО-ның 3 қызметкері мен 4 аккредиттеу сарапшысын қоса алғанда, барлығы 7 адам Дүниежүзілік Медициналық білім беру Федерациясы ұйымдастырған «WFME Recognition Insights: Understanding the BME Recognition of Accreditation Programme» тақырыбындағы Дүниежүзілік Медициналық</p>

		<p>білім беру Федерациясының оқыту семинарлары сериясына қатысты. Оқыту ақылы болды. Барлық қатысушылардың оқу шығындарын АЕО төледі. (Сертификаттар алынған, көшірмелері АЕО-да сақтаулы). Тәжірибе алмасу және аккредиттеу саласындағы үздік тәжірибелерді өз қызметіне енгізу мақсатында АЕО қызметкерлері 2025 жылы білім беру сапасын қамтамасыз етуге арналған 20 республикалық және халықаралық іс-шараға, оның ішінде ENQA, WFME, INQAANE, CEENQA, APQN Бас ассамблеяларына қатысты. Аккредиттеу кеңесінің мүшесі, профессор Ералиева Л.Т. АЕО қаражаты есебінен 2025 жылғы 22–24 қазанда Бельгияның Брюссель қаласында өткен ENQA Бас ассамблеясына делегат ретінде қатысты. Құрылымдық бөлімшелер (бөлімдер) туралы ережелер 2026 жылғы 17 қыркүйекке дейін қолданыста. Кеңесші-алқалы органдар мен комиссиялар (Сараптау кеңесі, Аккредиттеу кеңесі, Сыртқы сараптау комиссия) туралы ережелер 2028 жылғы 22 мамырға дейін бекітілген.</p> <p>«Ішкі еңбек тәртібі қағидалары», «Шағымдарды қарау жөніндегі комиссия туралы ереже», «Апелляция жөніндегі комиссия туралы ереже», «Мүдделер қақтығысы туралы ереже», «Іссапарлар туралы ереже» қолданылады. АЕО-ның барлық ішкі нормативтік құжаттары жаңартылып, толықтырылды (Сараптау кеңесі, 2023 жылғы 22.05. № 1 хаттама) және АЕО қызметін реттейтін өзге де ішкі құжаттар бекітілген.</p> <p>Ақпараттық қауіпсіздік туралы ереже және аккредиттеу сарапшылары туралы ереже, сондай-ақ сапаны қамтамасыз ету жүйесінде мүдделі тараптарды тиімді тарту және өзара іс-қимыл жасау бойынша нұсқаулық әзірленіп, қолданысқа енгізілді (Сараптау кеңесі, 2024 жылғы 8 ақпандағы № 1 хаттама) және 2029 жылғы 8 ақпанға дейін қолданыста.</p>
6.	<p>Сарапшылардың құрамы, тізімі, ғылыми дәрежелері (болған жағдайда), біліктілікті арттыру курстары (болған жағдайда)</p>	<p>АЕО сарапшыларға қойылатын талаптарды әзірлеп, сарапшыларды шетелдік және республикалық серіктес ұйымдар арқылы номинациялау жұмыстарын жүзеге асырады.</p> <p>Веб-сайтта «Сарапшылар» бөлімі бар: http://www.ecaqa.org/kompetentsii-ekspertov-po-akkreditatsii</p> <p>Сарапшылар туралы ереже әзірленген (08.02.2024 жылғы Сараптау кеңесінің хаттамасы).</p> <p>Сарапшылар базасы медициналық емес бейіндегі сарапшылармен және білім беру ұйымдарының шетелдік өкілдерімен толықтырылды және қазіргі уақытта 651 адамды құрайды (Олардың 161-і шет елдерден (Канада, Ұлыбритания, Чехия, Болгария, Словения, Венгрия, Үндістан, Тайвань, Армения, Грузия, Ресей Федерациясы, Украина, Беларусь Республикасы, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан) оқытушылар мен студенттерді құрайды.</p> <p>Сарапшылар тізімінің сілтемесі: https://drive.google.com/drive/folders/1_YIN-2-yMoCWuhD9wRfv6-pwt48jGxry</p> <p>ССК құрамына номинацияланған студенттер үшін АЕО сайтында «Студенттер – студенттердің аккредиттеуге қатысуы» бөлімі орналастырылған: http://www.ecaqa.org/studenty/uchastie-studentov-v-akkreditatsii, сондай-ақ «Студенттер және білім беру сапасын қамтамасыз ету саясаты» айдары бар.</p>

	<p>Білім беру ұйымдарын және/немесе білім беру бағдарламаларын сыртқы бағалауды жүргізу үшін сыртқы сараптау комиссиялырын (ССК) қалыптастыруды АЕО-ның Сараптау кеңесі жүзеге асырады.</p> <p>ДМБФ-ның нұсқаулық қағидаттарына сәйкес ССК құрамына шетелдік сарапшы, институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу саласында жұмыс тәжірибесі бар кәсіби қауымдастық өкілдері – академиялық сарапшылар, білім алушылар қатарынан өкілдер, жұмыс берушілер өкілі-сарапшы, сондай-ақ білім алушы-сарапшы енгізіледі. Шетелдік сарапшыларды номинациялау 18 шетелдік серіктеспен жасалған меморандумдардың мақсаттары мен міндеттері шеңберінде жүзеге асырылады. Жұмысты бастар алдында ССК мүшелері Сарапшының әдеп кодексіне http://www.ecaqa.org/eksperty/kodeks-ekspertov және мүдделер қақтығысының болмауы мен құпиялылық туралы мәлімдемеге қол қояды.</p> <p>АЕО денсаулық сақтау саласындағы кәсіби қауымдастықтармен серіктестікте жұмыс істейді. АЕО медициналық, фармацевтикалық және мейіргерлік білім беруді аккредиттеу саласында тиісті біліктілігі мен институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу тәжірибесі бар кәсіби және құзыретті сарапшылардың кеңейтілген базасына ие.</p> <p>Сарапшыларды оқыту бағдарламасы әзірленген, ол медициналық білім берудегі аккредиттеу рәсімін зерделеуді http://www.ecaqa.org/obuchenie/programma-obucheniya-ekspertov, сондай-ақ Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының (WFME) ұсынымдарын және Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтарын (ESG) ескере отырып аккредиттеу стандарттарын қолдануды қамтиды: http://www.ecaqa.org/obuchenie-po-primeneniyu-standartov-i-rukovodyashchikh-printsipov-obespecheniya-kachestva-v-evropejskom-prostranstve-vysshego-obrazovaniya-esg-2015</p> <p>2025 жылы аккредиттеу және білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша сарапшыларға арналған оқыту іс-шаралары мынадай:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 08.01.2025 ж. «2023 жылы жаңартылған ДМБФ-ның жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің (резидентура) сапасын арттыруға арналған Ғаламдық стандарттары шеңберінде резидентура бағдарламаларын аккредиттеу кезінде сыртқы бағалау рәсімдері бойынша сарапшылардың құзыреттерін дамыту» тақырыбындағы семинар, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базасында. Қатысушылар саны – 62. Сертификаттар берілді. 2. 04.03.2025 ж. «Қосымша және бейресми білім беруді аккредиттеу мәселелері» тақырыбындағы дөңгелек үстел, Алматы қаласы әкімдігінің ДСБ жанындағы Жоғары медициналық колледжі базасында. Қатысушылар саны – 25. Сертификаттар берілді. 3. 06.03.2025 ж. «2023 жылы жаңартылған ДМБФ-ның жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің (резидентура) сапасын арттыруға арналған Ғаламдық стандарттары шеңберінде резидентура бағдарламаларын аккредиттеу кезінде сыртқы бағалау рәсімдері бойынша сарапшылардың
--	--

		<p>құзыреттерін дамыту» тақырыбындағы семинар, Астана қаласының Ғылыми онкологиялық орталығы базасында. Қатысушылар саны – 17. Сертификаттар берілді.</p> <p>4. 27.11.2025 ж. «Орта медициналық қызметкерлерді даярлау сапасын қамтамасыз ету тетігі: институционалдық аккредиттеу» тақырыбындағы семинар, Алматы қаласы әкімдігінің ДСБ жанындағы Жоғары медициналық колледжі базасында. Қатысушылар саны – 32. Сертификаттар берілді.</p> <p>5. 2025 жылы АЕО-ның 3 қызметкері мен 4 аккредиттеу сарапшысын қоса алғанда 7 адам ДМБФ ұйымдастырған «WFME Recognition Insights: Understanding the BME Recognition of Accreditation Programme» тақырыбындағы Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының 5 оқыту семинарынан тұратын сериясына қатысты. Оқыту ақылы болды. Барлық қатысушылардың оқу шығындарын АЕО төледі. Сертификаттар алынған, көшірмелері АЕО-да сақтаулы.</p>
7.	<p>Алқалы органдар және олардың ережелері (Аккредиттеу кеңесі, Сараптау комиссиясы/кеңесі, шағымдар бойынша кеңес және басқа да органдар).</p>	<p>Алқалы органдарға мыналар жатады: Аккредиттеу кеңесі https://www.ecaqa.org/o-nas/akkreditatsionnyj-sovet АЕО Сараптау кеңесі https://www.ecaqa.org/o-nas/ekspertnyj-sovet-i-ekspertnye-komissii Шағымдарды қарау жөніндегі комиссия https://www.ecaqa.org/akkreditatsiya/protsedura-apellyatsii-i-rassmotreniya-zhalob Апелляциялар жөніндегі комиссия https://www.ecaqa.org/akkreditatsiya/protsedura-apellyatsii-i-rassmotreniya-zhalob</p> <p>Аккредиттеу кеңесінің (АК) құрамы 2023 жылғы 19.05. № 2 отырыс хаттамасымен бекітілген және 15 мүшеден тұрады, оның ішінде Өзбекстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Ресей Федерациясынан үш шетелдік өкіл бар. «Аккредиттеу кеңесі туралы ереже» 3.7-тармағына сәйкес АК мүшелерінің өкілеттіктері 2022 жылдан бастап 5 жыл мерзімге ұзартылған (2022 жылғы 13.12. № 32/1 бұйрық). 2026 жылы кеңес құрамындағы білім алушы мүшелердің оқуын аяқтауына және ереженің 3.6, 3.8, 4.2-тармақтары негізінде екі мүшенің ерікті түрде шығуына байланысты Аккредиттеу кеңесі құрамын жаңарту жоспарланған.</p> <p>АК құрамы веб-сайттың «Аккредиттеу» – «Аккредиттеу кеңесі» бөлімінде жарияланған: http://www.ecaqa.org/o-nas/akkreditatsionnyj-sovet</p> <p>және медициналық білім беру ұйымдары мен олардың білім беру бағдарламаларына қатысты аккредиттеу бойынша кәсіби әрі құзыретті шешімдер қабылдайтындықтан, АЕО қызметінің күшті әрі бәсекеге қабілетті тұсы болып табылады. АК Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының (ДМБФ) нұсқаулық қағидаттарына сәйкес қалыптастырылған.</p> <p>Веб-сайттың «Аккредиттеу кеңесі» бөлімінде АЕО Аккредиттеу кеңесі отырыстары туралы ақпарат орналастырылған. https://www.ecaqa.org/en/about-ecaqa/accreditation-council/ac-meetings</p>

		<p>2025 жылы Аккредиттеу кеңесінің 9 отырысы өткізіліп, денсаулық сақтау саласындағы 13 білім беру ұйымы мен 80 білім беру бағдарламасына қатысты институционалдық аккредиттеу бойынша шешімдер қабылданды (толығырақ осы есептің 11 және 12-тармақтарын қараңыз).</p> <p>2025 жылы аккредиттеуден бас тарту және аккредиттеу туралы куәліктерді кері қайтарып алу жағдайлары болған жоқ.</p> <p>2025 жылы шағымдар мен апелляцияларды қарау үшін өтініштер түскен жоқ.</p>
8.	Баға саясатын қалыптастыру және оның құрамдас бөліктері, сайтта ақпараттың болуы	<p>Аккредиттеу қызметтеріне қатысты баға саясаты АЕО-ның Аккредиттеу рәсімінің құны туралы ережеде регламенттелген (2024 жылғы 15.09. әзірленген, елдің баға саясатын, валюта бағамын және АЕК көрсеткішін ескере отырып жыл сайын бекітіледі).</p> <p>https://drive.google.com/file/d/1yeqhsYGs8PPvO0zjYFwcmq3SClCoqOYX/view?usp=sharing</p> <p>Аккредиттеу рәсімінің құны бәсекеге қабілетті болып табылады, өйткені толық аккредиттеу мәртебесін (5 жыл) алған білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларына қатысты аккредиттеуден кейінгі мониторинг аккредиттелген білім беру ұйымы тарапынан қаржыландырылмай жүргізіледі. Бұл шарт институционалдық/мамандандырылған аккредиттеу жүргізу туралы үлгілік шартта көзделген.</p> <p>АЕО «Банк ЦентрКредит» АҚ-та есеп айырысу шотын ашқан, СТН 600 700 016 904. Банктің БСК-ы: КСJBKZKX.</p> <p>АЕО-ның қаржылық ресурстарының теңгерімі жоспарлау және әкімшілендіру бөлімінің міндеті болып табылады.</p> <p>Жыл сайын бюджет-жоспар қалыптастырылып, қаржылық есеп жасалады, оларды АЕО-ның бас директоры бекітеді және АЕО құрылтайшысына ұсынылады.</p> <p>Қаржыландыру көздері: институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жүргізу туралы шарттар.</p>
9.	Аккредиттеу органы білім беру бағдарламаларын аккредиттеуді жүзеге асыратын кадрларды даярлау бағыттары, сайтқа сілтемесімен қоса.	<p>АЕО-ның негізгі қызмет бағыты – білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу болып табылады. Жарғыға сәйкес, АЕО білім берудің әртүрлі салалары мен деңгейлері бойынша білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеуді жүзеге асыра алады.</p> <p>АЕО Жарғысы: https://www.ecaqa.org/o-nas/osnovnye-dokumenty/ustav</p> <p>Қазіргі уақытта аккредиттеу назары медицина және денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеуге шоғырландырылған.</p> <p>АЕО Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаментінен аккредиттеу стандарттарын келісу туралы 2018 жылғы 01.10. № 06-1-15/23395 ресми хатын алды.</p>

		<p>Молдова Республикасының Білім, мәдениет және зерттеулер министрлігінің 2020 жылғы 06.04. № 04/1-07/2074 ресми хатымен АЕО-ға Молдова Республикасының аумағында медициналық білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу жүргізу құқығы берілді.</p> <p>Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Білім беру сапасын бақылау бойынша мемлекеттік инспекциясының 2022 жылғы 15.04. шығыс № 01-187 ресми хатымен (1-қосымша), білім беру сапасын бақылау саласындағы мемлекеттік басқару мен мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша арнайы уәкілетті орган ретінде, КЕМ Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығына Өзбекстан Республикасының білім беру ұйымдарының медициналық білім беру бағдарламалары бойынша халықаралық аккредиттеу жүргізу өкілеттіктері берілді.</p> <p>Тәжікстан Республикасы Президенті жанындағы Білім және ғылым саласындағы қадағалау агенттігінің 2022 жылғы 26.04. № 06/94-1 ресми хатымен Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығына Тәжікстан Республикасының білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу жүргізуге келісім берілді.</p> <p>2024 жылғы наурыз айында Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы мен Тәжікстан Республикасы Президенті жанындағы Білім және ғылым саласындағы қадағалау агенттігі, Тәжікстан Республикасы Денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.</p>
10.	<p>Аккредиттеу туралы жарияланған ақпарат (автоматтандырылған жүйе).</p> <p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары немесе олардың білім беру бағдарламалары бойынша сыртқы аудит туралы есептер, Аккредиттеу кеңесінің шешімдері және Аккредиттеуден өткені</p>	<p>«Тізілім» бөлімі автоматтандырылған, онда үш тілде аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламалары туралы ақпарат (АЕО сыртқы сараптау комиссияларының есептері, Аккредиттеу кеңесінің шешімдері, аккредиттеу туралы куәліктер) ұсынылған.</p> <p>Қаз: https://www.ecaqa.org/kz/reest-kz</p> <p>Орыс: https://www.ecaqa.org/reestr</p> <p>Ағылш.: https://www.ecaqa.org/en/reestr-en</p> <p>АЕО Аккредиттеу кеңесінің шешімдері туралы ақпарат ЖББП сайтында орналастырылған: https://epvo.kz/#/.</p> <p>Ақпаратты орналастыруға жауапты тұлға – Умарова М.А., АЕО аккредиттеу және мониторинг бөлімінің басшысы.</p> <p>АЕО Аккредиттеу кеңесінің шешімдері туралы ақпарат, сондай-ақ сыртқы сараптау комиссиялар есептерінің ағылшын тіліндегі толық нұсқалары EQAR–DEQAR халықаралық тізілімінде орналастырылады: https://www.eqar.eu/register/agencies/agency/?id=76. Орналастыруға жауапты – Амандыков А.Б., халықаралық ынтымақтастық және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы.</p>

	<p>туралы куәліктер орналастырылған Аккредиттеу органының интернет-ресурсына сілтемелер.</p>	<p>АЕО Аккредиттеу кеңесінің шешімдері туралы ақпарат, сондай-ақ сыртқы сараптау комиссиялар есептерінің ағылшын тіліндегі толық нұсқалары APQR–DAQAR халықаралық тізілімінде орналастырылады: https://daqar.org/educationSearch?term=ECAQA. Орналастыруға жауапты – Амандыков А.Б., халықаралық ынтымақтастық және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы.</p> <p>ЕСАQA Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясы (ДМБФ) 2032 жылға дейін таныған аккредиттеу органы ретінде базалық медициналық білім беру бағдарламаларының аккредиттеу мәртебесі туралы ақпаратты ДМБФ-ның базалық медициналық білім беру бойынша аккредиттелген білім беру бағдарламалары порталына (The WFME Portal) орналастыру үшін жолдайды.</p> <p>Аккредиттелген білім беру бағдарламаларының мәртебесі Дүниежүзілік медициналық мектептер директориясына (The World Directory of Medical Schools) ДМБФ және Медициналық білім беру саласындағы халықаралық зерттеулерді қолдау қорының (FAIMER) дерекқорына енгізіледі.</p>
11.	<p>Институционалдық аккредиттеуден өткен аккредиттелген ұйымдардың саны. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының атауы, аккредиттелген білім беру бағдарламалары, Аккредиттеу жүргізу мерзімдері, Аккредиттеу стандарттарына (регламенттеріне) сәйкестігі, ұсынымдар.</p>	<p>2025 жылы 13 ұйымға қатысты институционалдық аккредиттеу бойынша шешімдер қабылданды, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары – 3; – жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру ұйымдары (ҒЗИ, ҰО) – 2; – қосымша және бейресми білім беру ұйымдары – 7; – жоғары медициналық колледж – 1. <p>13 білім беру ұйымының құрамына 4 шетелдік ұйым енгізілді (Өзбекстан Республикасы – 3, Армения Республикасы – 1).</p> <p>Веб-сайттың «Жаңалықтар» бөлімінде аккредиттеу бойынша сараптау комиссияларының сыртқы сапарлары туралы ақпарат орналастырылған: http://www.ecaqa.org/novosti</p> <p>АЕО-ның білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларына қатысты институционалдық (бағдарламалық) аккредиттеу қорытындылары бойынша сыртқы сараптау комиссияларының есептері, сондай-ақ АЕО Аккредиттеу кеңесінің шешімдері веб-сайттың «Тізілім» бөлімінде үш тілде ұсынылған: https://www.ecaqa.org/en/reestr-en</p>
12.	<p>Мамандандырылған аккредиттеуден өткен аккредиттелген ұйымдардың саны. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының атауы,</p>	<p>2025 жылы 80 білім беру бағдарламасына қатысты мамандандырылған аккредиттеу бойынша шешімдер қабылданды, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> – бакалавриат бағдарламалары – 16; – магистратура бағдарламалары – 13; – PhD докторантура бағдарламалары – 2; – резидентура бағдарламалары – 49.

	<p>аккредиттелген білім беру бағдарламалары, Аккредиттеу жүргізу мерзімдері, Аккредиттеу стандарттарына (регламенттеріне) сәйкестігі, ұсынымдар.</p>	<p>80 білім беру бағдарламасының құрамына шетелдік ұйымдардың 18 бағдарламасы енгізілді (бакалавриат – 10, магистратура – 8) (Өзбекстан Республикасы). АЕО-ның білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларына қатысты институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу қорытындылары бойынша сыртқы сараптау комиссияларының есептері, сондай-ақ АЕО Аккредиттеу кеңесінің шешімдері веб-сайттың «Тізілім» бөлімінде үш тілде ұсынылған: https://www.ecaqa.org/en/reestr-en Сонымен қатар АЕО аккредиттеген және әлемдік университеттер рейтингтеріне кіретін білім беру ұйымдарының саны: 2025 жылы АЕО әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің бакалавриат және резидентура мамандықтары бойынша 23 білім беру бағдарламасын аккредиттеді (QS World University Rankings 2025: 163–166 орын (230-орыннан жоғарылаған); QS Asia University Rankings 2025: 29-орын; QS World University Rankings (тарихи деректер): топ-175 (2022 ж.), топ-165 (2021 ж.), топ-207 (2020 ж.)).</p>
13.	<p>Ұйым қызметінің негізгі нәтижелері бойынша талдамалық ақпараттың болуы және оның веб-сайтта болуы</p>	<p>АЕО өз қызметі туралы есептерді жыл сайын жариялайды және оларды веб-сайтта үш тілде орналастырады: Қаз: http://www.ecaqa.org/kz/biz-turaly/negizgi-kyzhattary/esepteri Орыс: http://www.ecaqa.org/o-nas/osnovnye-dokumenty/otchety Ағылш.: http://www.ecaqa.org/en/about-ecaqa/documentation/reports</p>
14.	<p>Веб - сайттағы ақпаратпен бірге соңғы 5 (бес) жылдағы аккредиттеу органының сыртқы аудиті (тексерулері)</p>	<p>АЕО-ның сыртқы бағалаулар (аудиттер) туралы мәліметтері веб-сайттың келесі бөлімінде жарияланады: https://www.ecaqa.org/mezhdunarodnaya-deyatelnost/mezhdunarodnaya-vneshnyaya-otsenka-etsa Соңғы 5 жыл ішінде АЕО қызметіне қатысты келесі сыртқы бағалаулар жүргізілді: – 2024 жылғы 19 маусымда ENQA сарапшыларының Progress-visit сапары өтті. АЕО-ға халықаралық сарапшылар – ENQA вице-президенті, Фландрияның жоғары білім бойынша QA кеңесінің басшысы (Бельгия) Патрик Ван Ден Бош және AQU Catalunya аккредиттеу агенттігінің ішкі сапаны қамтамасыз ету жобасының үйлестірушісі (Испания) Нурия Комет Сенал келді. Сапардың мақсаты – АЕО-ны жетілдіруге және стратегиялық дамытуға бағытталған диалог жүргізу (ENQA агенттіктерді бағалау бойынша нұсқаулығы, 2021 жылғы нұсқа), сондай-ақ аккредиттеу орталығы ұсынған мәселелерді талқылау (жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясат: QAA-ның әрекет етуі мен жауапкершілігі; медициналық білім берудегі трансшекаралық аккредиттеу: өңірлік және ұлттық контекст; жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім берудің сапасын қамтамасыз ету: мәселелер мен мүмкіндіктер). Сапар бекітілген бағдарламаға сәйкес өтті. АЕО Аккредиттеу кеңесінің, Сараптау кеңестің мүшелерінің, аккредиттеу сарапшыларының және студент-сарапшылардың қатысуын қамтамасыз етті. – 2023 жылғы 13–14 желтоқсанда АЕО-ны Еуропалық сапаны қамтамасыз ету тізіліміне – EQAR енгізу рәсімі шеңберінде ENQA халықаралық сарапшыларының қатысуымен АЕО-ға сыртқы бағалау жүргізілді.</p>

		<p>– 2023 жылғы 14 наурызда Республикалық аккредиттеу кеңесінің шешімімен (№ 2 хаттама) АЕО-ның Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің танылған аккредиттеу органдарының 1-тізіліміндегі тіркеу мерзімі 5 жылға – 2028 жылғы 14 наурызға дейін ұзартылды.</p> <p>– 2022 жылғы 18–22 сәуірде АЕО базалық медициналық білім беру сапасын қамтамасыз ету саласында Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының (ДМБФ) халықаралық тану тобы тарапынан сыртқы бағалаудан өтті.</p> <p>– 2022 жылғы 22 маусымда ENQA кеңесі Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығына (АЕО) ENQA-ның толық мүшелігін бес жыл мерзімге беру туралы шешім қабылдады. Бұған дейін, 2021 жылғы маусымда, АЕО ENQA-ның толыққанды мүшесі мәртебесін алу мақсатында ENQA комиссиясының халықаралық сыртқы бағалауынан өтті.</p> <p>– 2019 жылғы қарашада АЕО білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша Азия–Тынық мұхиты тізіліміне (APQR) енгізу мақсатында халықаралық топтың сапарымен сыртқы бағалаудан өтті.</p>
15.	<p>Ұйымның сапасын ішкі қамтамасыз ету және кәсіби мінез-құлық (аккредиттеу қызметін реттейтін ішкі құжаттар, сарапшылардың этикасы және басқа да құжаттар)</p>	<p>АЕО өз қызметін келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырады: ашықтық, шындық, құпиялылық, тиімділік, барлық мүдделі тараптардың тартылуы, ынтымақтастық және серіктестік.</p> <p>ESG, 2015 (2 және 3-бөлімдер) стандарттарының талаптарына сәйкес АЕО-ның сапаны қамтамасыз ету бағдарламасы әзірленіп, веб-сайтта жарияланған: http://www.ecaqa.org/o-nas/programma-obesechenya-kachestva-etsa, сондай-ақ бағалау нәтижелерімен, тақырыптық талдау қорытындыларымен және талдамалы есептермен қоса АЕО-ның ішкі сапаны қамтамасыз ету үдерістері орналастырылған: http://www.ecaqa.org/o-nas/obespechenie-kachestva-etsa/vnutrennyaya-sistema-obespecheniya-kachestva.</p> <p>Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығының сапаны қамтамасыз ету бағдарламасына толықтырулар енгізілді, оның ішінде әзірленген құжаттардың тізбелері кеңейтіліп, білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы қолданыстағы НҚА талаптары ескерілді.</p> <p>Операциялық тәуелсіздік Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығының сапаны қамтамасыз ету бағдарламасына (http://www.ecaqa.org/o-nas/programma-obesechenya-kachestva-etsa), аккредиттеу стандарттарына, ішкі регламенттерге (ережелер, нұсқаулықтар, ұсынымдар) және АЕО өз бетінше әзірлеген нормативтік құжаттарға, сондай-ақ тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен сыртқы бағалау рәсімдерін қамтитын аккредиттеу үдерісіне негізделеді.</p> <p>АЕО-ның сапаны қамтамасыз ету бағдарламасы шеңберінде 2017–2022 жылдары АЕО институционалдық аккредиттеу стандарттарына (медициналық білім беру ұйымдары мен медициналық колледждер үшін) және медициналық және фармацевтикалық білім беру мамандықтары бойынша мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына (жалпы медицина, стоматология, медициналық-профилактикалық іс, қоғамдық денсаулық сақтау, фармация, фармацевтикалық өндіріс технологиясы, мейіргер ісі) барлық білім беру деңгейлері</p>

		<p>бойынша (бакалавриат, магистратура, PhD докторантура, резидентура, үздіксіз кәсіби даму), оның ішінде қолданбалы бакалавриат пен ТЖКБ үшін айрықша авторлық құқықтардың иесі болды.</p> <p>«Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы» коммерциялық емес мекемесінің ішкі еңбек тәртібі қағидалары әзірленіп, қолданылады.</p> <p>АЕО қызметкерлері мен сарапшылары негізгі құндылықтар мен қағидаттарды сақтайды: https://www.ecaqa.org/o-nas/o-nas, сондай-ақ Сарапшының әдеп кодексін басшылыққа алады: https://www.ecaqa.org/eksperty/kodeks-ekspertov.</p> <p>АЕО қызметі туралы есеп ішкі сапа бақылауын талдау негізінде жасалады, оның мазмұны Аккредиттеу кеңесінің мүшелеріне жеткізіледі. Есеп АЕО веб-сайтында жарияланады.</p> <p>Ішкі сапаны қамтамасыз ету АЕО-ның халықаралық сыртқы бағалауларының нәтижелеріне негізделеді, олардың қорытындысы бойынша жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленген. 2025 жылы 7 ішкі құжат өңделіп, өзектендірілді.</p>

Бас директор



Sarun

Сарсенбаева С.С.